

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2017 жылғы «_____» маусым

«БЖЗК» АҚ Басқарма төрайымының Ақтөбе облысына іссапары

«БЖЗК» АҚ Басқарма төрайымы Нұрбибі Наурызбаеваның республика өңірлеріне іссапары жалғасуда. 2017 жылғы 21 маусымда Нұрбибі Наурызбаева ірі өнеркәсіптік кәсіпорын – Ақтөбе ферроқорытпа зауытының («Казхром» трансұлттық корпорациясы) АҚ филиалы) жұмыскерлерімен кездесті.

Бұл еліміздегі көне кәсіпорындардың бірі. Оның алғашқы ферроқорытпасы сонау 1943 жылы өндірілген. Бүгінде кәсіпорын шетелдерге шығарылатын көптеген өнімдер шығарады. Зауытта 4,3 мың адам жұмыс істейді және барлығы жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысушылар. Сонымен қатар мұнда 2 мыңнан астам адамның шотына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылады.

Кездесу барысында мынадай мәліметтер жария етілді. 2017 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы 6,99 трлн теңгені құрады. Ал 2 маусымда ол 7 трлн теңгеден асты. Жыл басынан бері зейнетақы жинақтары 310 млрд теңгеге өсті, ал таза инвестициялық табыс осы кезеңде 114,4 млрд теңгені құрады.

Ресми деректерге сәйкес Ақтөбе облысы халқының саны 834,8 мың адамнан асады. Олардың жартысынан астамы еңбекке қабілетті жаста. Бұл ретте 2017 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша облыста міндетті зейнетақы жарналары бойынша 479,7 мың шот ашылған. Облыс тұрғындарының зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы 359,7 млрд теңгені құрады. Бұл өңірде 15 мыңнан астам кәсіпорын жұмыс істейді. Олардың ішінде 260 кәсіпорын міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын (МКЗЖ) аударады. Айлық табыстың 5 пайызын құрайтын бұл жарна 2014 жылдың басынан енгізілген және оны жұмыс берушілер зиянды (аса зиянды) жұмыстармен айналысатын жұмыскерлерінің пайдасына өз қаражаты есебінен аударады.

2017 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша облыстағы жұмыс берушілер 31 мың жұмыскер үшін зейнетақы Қорына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын (республика бойынша барлық МКЗЖ-нің 8 пайызы) төлейді. Бұл шоттардағы зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы 7,2 млрд теңгені (республика бойынша зейнетақы жинақтарының осы түрінің 6 пайызы (116,3 млрд теңге)) құрайды.

Ақтөбе ферроқорытпа зауыты 2 мыңнан астам жұмыскері үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлейді. Сондай-ақ облыстың үлесі ерікті зейнетақы жинақтарының саны бойынша 21 пайызды, ал сомасы бойынша 26 пайызды құрайды. Зауыт жұмыскерлері Қор басшылығының таныстырылымымен танысып болған соң, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, оларды аудару шарты, зейнетақы активтерін инвестициялау, сақталуы және алу тәртібі бойынша өздерін қызықтырған сұрақтар қойып, оларға толыққанды жауаптар алды.

Бұдан басқа, БЖЗК-дан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру мәселесі талқыланды. 2018 жылдан бастап БЖЗК-дан зейнетақы төлемдері тек ай сайын жүзеге асырылатыны белгілі. Кездесу барысында әйелдердің зейнеткерлік жасқа толу

мерзімінің ұлғайтылу себептері де түсіндірілді. Сондай-ақ жұмыскерлерді өздерінің жинақтары бойынша ақпарат алу тәсілдері қызықтырды.

Бүгінгі таңда бүкіл республика бойынша Қордың 231 дербес қызмет көрсету орталықтары жұмыс істейді. Ал Ақтөбе облысында Қордың 16 бөлімшесі – облыс филиалы мен дербес қызмет көрсету орталықтары халыққа қызмет көрсетеді. Оларда өткен жылы 308,8 мыңнан астам операция жасалған.

Кездесуге қатысушыларды әсіресе БЖЗҚ-ның электрондық қызметтері: үзінді-көшірмені ғаламтор немесе ұялы қосымша арқылы алу мүмкіндіктері қызықтырды.

Бүгінгі таңда облыс бойынша 240 мыңға жуық салымшылар мен алушылар ақпарат алудың электрондық тәсілін таңдаған. Өз кезегінде БЖЗҚ өкілдері осы кездесуден кейін интернет-қызметті пайдаланушылар саны арта түсетіндігіне сенім білдірді. Өйткені, бұл зейнетақы шоты туралы ақпарат алудың өте ыңғайлы түрі. Басқарма төрайымы сонымен қатар ағымдағы айдың соңына дейін Қордың сайты арқылы жаңа сервистің іске қосылатындығын айтты. Сол арқылы енді міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша жеке зейнетақы шотын ашуға және электрондық цифрлық қолтаңбаның көмегімен зейнетақы төлемдерін алуға өтініш жіберуге болады. Жакын болашақта бұл сервистерді электрондық үкімет порталына да енгізу көзделіп отыр.

«БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрайымы Нұрбибі Наурызбаеваның Ақтөбе облысының әкімі Бердібек Сапарбаевпен болған кездесуінде жалпы жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жай-күйі, қызметі, облыс тұрғындарын қамтуы, тұрғындарға ақпарат беру және олардың қаржылық сауаттылығын арттыру мәселелері көтерілді.

Кездесу қорытындысы бойынша «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы мен Ақтөбе облысы әкімдігі арасында ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды. Осы келісімге сәйкес алдағы уақытта аталған мәселелерді шешу, зейнетақы жарналарының тиімділігін дәріптеу және тұрғындардың жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу белсенділігін арттыруға бағытталған бірлескен шараларды өткізу көзделген.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді.

Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

